

Қожа Ахмет Ясаун атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Физикалық және химиялық ғылымдар даярлау бағыты бойынша
Академиялық комитеттің кезектен тыс мәжілісі

№7 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

12.04.2023 ж.

Қатысқандар:
АК төрағасы:

1. Курбанбеков Ш.Р. - Физика кафедрасы, PhD, доцент

АК мүшелері:

- | | |
|---------------------|----------------------------------------------------------------------------------|
| 2. Абжалов Б.С. | -Химия және экология кафедрасы, х.ғ.к., доцент |
| 3. Алтынбекова М.О. | -Химия және экология кафедрасы, х.ғ.к., доцент |
| 4. Сейтов Б.Ж. | -Физика кафедрасы, PhD, кафедра меңгерушісі |
| 5. Сайдахметов П.А. | -Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті,
Физика кафедрасының доценті |
| 6. Перне Н. | -6В05348 – Физика ББ студенті |
| 7. Әбдіқадір Г. | -7М05325 Физика ББ магистранты |

Қатыспағандар: -

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау.
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау.
3. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау.
4. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Ш.Р. Курбанбеков: Саламатсыздар ма, құрметті Физикалық және химиялық ғылымдар даярлау бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінің мүшелері, наурыз айындағы мәжілістің күн тәртібіндегі қарастырылатын мәселелерге келетін болсақ: бірінші мәселе, ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау; екінші мәселе ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау; үшінші мәселе ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау; төртінші мәселе сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау. Күн тәртібіне қатысты ұсыныстарыңыз бар ма?

Күн тәртібі бекітілсін. Бүгінгі мәжілісте осы аталған мәселелер бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырып, өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөз кезегін физика кафедрасы, PhD, кафедра меңгерушісі Сейтов Б.Ж. алды: күн тәртібіндегі ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау және ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау мәселелері бойынша тоқталсам білім беру бағдарламаларын әзірлеумен университет Ректоры бұйрығымен кадрлар даярлау бағыттары бойынша құрылатын Академиялық комитеттер (АК) айналысады, олардың құрамына академиялық персоналдың, жұмыс берушілердің, білім алушылардың өкілдері кіреді. ББ әзірлеу 4 (төрт)

кезеңнен тұрады: 1) ББ әзірлеуге дайындық; 2) ББ жобалау; 3) ББ құрылымдық элементтерін әзірлеу; 4) ББ әзірлеу сапасын бағалау. ББ әзірлеуге дайындық кезеңінде университетте әзірленетін ББ тізбесі айқындалады. Әзірленетін ББ тізбесін айқындау үшін АК жетекшілігімен: 1) нарықтың ағымдағы және болашақ қажеттіліктері анықталады: а) қазір және болашақта қандай мамандар қажет; б) түлектердің жұмысқа орналасу болашағы қандай (тапшылық немесе профицит). 2) кадрлар даярлау нарығына талдау жүргізіледі: а) өңірде жақын өңірлерде кадрлар даярлау нарығында бәсекелестер бар ма; б) бәсекелестердің күшті/әлсіз жақтары. 3) ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктеріне талдау жүргізіледі: а) қажетті кадрлық ресурстардың болуы; б) қажетті материалдық-техникалық, ақпараттық және қаржылық ресурстардың болуы.

АК төрағасы Ш.Р. Курбанбеков: күн тәртібіндегі үшінші мәселе ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау бойынша ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқу құралдары мен оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс арнайы прайс беттер арқылы орталық кітапханаға ұсыныстар беру арқылы дайындалады.

АК мүшесі – Перне Н: Құрметті АК мүшелері наурыз айында атқарылған іс шаралар: ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау және ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау мәселелері және ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау мәселесі бойынша талдаулар жүргізіліп, талқыланды.


Шешім: Наурыз айындағы Академиялық комитеттің күн тәртібіндегі қарастырылған мәселелердің нәтижесі қанағаттандырылсын.

Комитет төрағасы:



Курбанбеков Ш.Р.

Хатшысы:



Алтынбекова М.О.